

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 желтоқсандағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 29 ақпандағы № 45-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша):

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 9

а қ п а н д а ғ ы

№

4 5 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік органдар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
	«Зейнетақы жинақтарының нақты құны азайған жағдайда корпоративтік			

1	жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің инвестициялық кіріс шығынын өтеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы № 103 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы мамыр
2	Заңды тұлғалардың банктер, банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымдары сатып алатын акцияларға (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сондай-ақ банктің жарғылық капиталға қатысу үлестерінің не заңды тұлғалар акцияларының жиынтық құнын белгілеу туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
3	Банктің не банк холдингінің еншілес ұйымдарына, банк не банк холдингі капиталына қомақты қатысатын еншілес ұйымдарға тиесілі банк конгломераты бас ұйымының, банктің немесе банк холдингінің акциялары жиынтық үлесінің (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) лимитін белгілеу туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
4	Банктердің олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына (резиденттері мен резидент еместері) банк заемдарын және банк кепілдіктерін беру жөніндегі талаптарды бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
5	Олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына (резиденттері мен резидент еместері) барлық берілген банк заемдарының және банк кепілдіктерінің жиынтық көлемін есептеу қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
6	Екінші деңгейдегі банктердің, жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақылар, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлерін есептеу жөніндегі ішкі саясатқа қойылатын талаптарды және екінші деңгейдегі банктердің, жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың,	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	

	сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының барлық басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есептіліктің нысанын белгілеу туралы			2012 жылғы ақпан
7	Банк конгломератымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың тізбесін белгілеу туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
8	Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру қағидаларын, сондай-ақ банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сенімгерлік басқару кезеңінде уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингінің іс-қимыл тәртібін бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
9	«Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі № 269 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
10	Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты, жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерін орналастыру қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
11	Қаржы құралдарын және инвестициялық қор активтерінің және акционерлік және инвестициялық пай қорларының құрамына кіре алатын қаржы құралдары тізбесінің құрамына кіретін өзге де мүлікті инвестициялау қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
	Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы			

12	шарттарды жасасу қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
13	Жинақтаушы зейнетақы қорларына және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
14	Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері есебінен жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфельінің құрылымы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
15	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру холдингтері еншілес ұйымдарының акцияларды немесе заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алуына қойылатын талаптарды, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікке сатып алуына рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
16	Сақтандыру тобының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
17	Ертерек ден қою шараларын және бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды анықтау әдістемесін қолдану қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
18	Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жеке және институционалды инвесторларды білікті инвесторлар деп тану қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
19	Білікті инвесторлардың қаражаты есебінен ғана сатып алуға рұқсат етілген	Басқарма қаулысы		

	қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы		Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
20	Инсайдерлік ақпаратты ашу қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
21	Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымында тәуекелдер мониторингінің, бақылаудың және басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
22	Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
23	Қор биржасы мүшелерінің қор биржасына қаржылық есептілікті және өзге ақпаратты берудің тізбесін және мерзімдерін бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
24	Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуге арналған шарттарды бұзудың және бірыңғай тіркеушіге эмитенттердің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйелерін құрайтын мәліметтер мен құжаттарды берудің тәртібі мен мерзімдерін бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
25	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2006 жылғы 25 наурыздағы № 85 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
26	Банк кепілдігі және кепілдеме туралы кредиттік есепті ұсыну, борышкер-тұлғаның өзі туралы және оның пайдасына банк шығарған кепілдіктер немесе кепілдемелер туралы мәліметтерді банктің кредиттік бюроға беруіне келісімін ресімдеу қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
27	Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйым қызметінің қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан

28	Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымының алуы тиіс кірістерін Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түскен кірістерге жатқызу қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
29	Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
30	Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйымның алуы тиіс кірістерін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі 135-2-бабының 1-тармағында көрсетілген кірістерге жатқызу қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
31	Банктердің еншілес ұйымдарға күмәнді және үмітсіз активтер деп танылған кредиттер (қарыздар) бойынша талап ету құқықтарын иемденуге берген активтерін күмәнділер және үмітсіздер санатына жатқызу, сондай-ақ бас банктердің еншілес ұйымдарға берген активтеріне қарсы провизияларды (резервтерді) қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
32	Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымның кейбір қызмет түрлерін жүзеге асыру қағидаларын, сондай-ақ ол сатып алатын (сатып алған) күмәнді және үмітсіз активтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан

33	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының «Бір заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаға бақылау жасауын анықтау туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 18 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
34	Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру, беруден бас тарту, қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
35	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының «Екінші деңгейдегі банктерді ерікті қайта ұйымдастыруға немесе таратуға рұқсат беру, сондай-ақ оларды тікелей төлем жасау арқылы не депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын басқа банкке аударым жасау жолымен жеке тұлғалардың депозиттерін қайтарып беру ережесін бекіту туралы» 2006 ж ы л ғ ы 25 желтоқсандағы № 295 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
36	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының «Банктің меншікті облигацияларымен және міндеттемелеріне банк кепілдік берген осы банктің еншілес ұйымдары шығарған облигациялармен мәмілелерді жасау ережесін бекіту туралы» 2008 ж ы л ғ ы 29 желтоқсандағы № 234 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорына еншілес ұйым құруға немесе сатып алуға			

37	занды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу туралы ережені бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 64 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
38	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 27 тамыздағы № 317 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
39	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының «Кредиттік тарихты қалыптастыру жүйесіне қатысушылардың қызметіндегі ақпараттық процесті ұйымдастыруға және оны пайдалануға, қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға, олардың электрондық жабдықтарына, кредиттік тарихтың деректер базасының сақталуына және үй-жайларына қойылатын ең төменгі талаптарды белгілеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 18 шілдедегі № 105 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
40	Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беру және қосылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін беру қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
41	Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларын бекіту туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
42	Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Басқарма қаулысы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
43	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін	Басқарма қаулысы		2012 жылғы желтоқсан

бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)
--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК